

2023 жылғы 5 қарашада өткен Жетісу облысы Кербұлақ, Сарқан аудандары әкімдерінің сайлау қорытындылары туралы хабарлама

2023 жылғы 5 қарашада Жетісу облысы Кербұлақ, Сарқан аудандары әкімдерінің сайлауы өтті.

Сайлаушылар тізіміне 54634 азамат енгізілді. Дауыс беруге -38974 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша - 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 314 сайлаушы қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны - 4.

Әкімдер сайлауының қорытындылары мынадай болып белгіленді:

Кербұлақ ауданы бойынша

Ақшабаев Ермек Сүндетбайұлы үшін сайлаушылардың 1216 дауысы берілді,

Есболатов Қанат Болатұлы үшін сайлаушылардың 16794 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны - 347.

Сарқан ауданы бойынша

Абибеков Бауыржан Бақытұлы үшін сайлаушылардың 2609 дауысы берілді,

Маманбаев Ғалымжан Қанатұлы үшін сайлаушылардың 17055 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны - 0.

Сайлау қорытындыларымен әкім болып сайланғандар:

Кербұлақ ауданы бойынша - Есболатов Қанат Болатұлы сайланды, 1982 жылы туған, Кербұлақ ауданының әкімі, Кербұлақ ауданы.

Сарқан ауданы бойынша - Маманбаев Ғалымжан Қанатұлы сайланды, 1968 жылы туған, Сарқан ауданының әкімі, Сарқан ауданы.

Жетісу облыстық аумақтық сайлау комиссиясы